

Баймуратова И.А.¹, Исабаева Б.К.²

^{1,2} Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

^{1,2} Аға оқытушылар

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ МОДАЛЬДІЛІК ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУ ТӘСІЛДЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада ағылшын тіліндегі модаль етістіктер мен олардың эквиваленттері, сондай ақ олардың ерекшеліктері мен бір бірінен мағыналық айырмашылықтары, білдіретін мағыналары қарастырылады. Сонымен қатар қазақ тілінде модаль етістіктер категориясы жоқ болғандықтан қазақ тілді аудиторияға аударма жұмысында бір қатар қиындық туғызатын олардың аударылу тәсілдеріне мысалдар арқылы талдау жасалады және олардың қазақ тіліне аударылу тәсілдеріне мысалдар арқылы талдау жасалады. Ағылшын тіліндегі модаль етістіктерге келтірілген мысалдарға және олардың қазақ тіліне аударылу тәсілдеріне талдау жасау нәтижесінде олардың білдіретін мағынасына қарай қазақ тіліне көмекші модаль сөздер арқылы және сөйлемнің баяндауышына қалау райдың жұрнақтары жалғануы арқылы аударылатыны мысалдар арқылы көрсетіледі.

Кілт сөздер: модаль етістіктер, модаль етістіктердің эквиваленттері, модальділік ренктері, мағыналық айырмашылықтары, ерекшеліктері, аударма жұмысы, аударылу тәсілдері, талдау жасау, көмекші модаль сөздер.

Баймуратова И.А.¹, Исабаева Б.К.²

^{1,2} Казахский Национальный университет имени Аль-Фараби,

Алматы, Казахстан

^{1,2} Ст.преподаватели

МОДАЛЬНЫЕ ГЛАГОЛЫ В АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ И СПОСОБЫ ПЕРЕДАЧИ ИХ ЗНАЧЕНИЯ НА КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК

Аннотация

В данной статье рассматриваются модальные глаголы, их эквиваленты в английском языке, а также их особенности и семантические отличия друг от друга, а также их значения. Поскольку в казахском языке отсутствует категория модальных глаголов, на примерах анализируются способы их перевода, вызывающие ряд трудностей в переводческой работе для казахскоязычной аудитории. Также анализируются способы их перевода на казахский язык. В результате анализа предложений с модальными глаголами в английском языке и способы передачи их значения на казахский язык показано на примерах, что они переводятся на казахский язык с помощью вспомогательных модальных слов, вводных элементов, а также путем добавления суффиксов к сказуемому предложения в наклонении в соответствии с их смыслом.

Ключевые слова: модальные глаголы, эквиваленты модальных глаголов, ранги модальности, семантические различия, особенности переводческой работы, способы перевода, анализ, вспомогательные слова.

Baimuratova I.A.¹, Issabayeva B.K.²

^{1,2} Al-Farabi Kazakh National University,

MODAL VERBS IN ENGLISH AND THEIR TRANSLATION INTO KAZAKH LANGUAGE

Abstract

This article examines modal verbs and their equivalents in English, as well as their features and semantic differences from each other, and the meanings they convey. In addition, the methods of their translation, which pose a number of difficulties in translation work for the Kazakh-speaking audience due to the absence of a category of modal verbs in the Kazakh language, are analyzed with examples and the methods of their translation into Kazakh are analyzed through examples. As a result of the analysis of the examples of modal verbs in English and the methods of their translation into Kazakh, it is shown that, depending on the meaning they convey, they are translated into Kazakh using auxiliary modal words and by adding suffixes of the Subjunctive mood to the predicate of the sentence.

Key words: *modal verbs, equivalents of modal verbs, modal shades, semantic differences, features, translation work, translation methods, analysis, introductory, modality, modal words.*

Кіріспе

Аударма адамдар арасындағы қысқа, ұзақ уақытқа созылатын тілдік қарым-қатынасты қамтамасыз етеді. Сондай ақ аударма ғасырлар бойы адамдар алдыңғы орынға қоятын төзімділік, өзара түсіністік, көмек беру, қоршаған ортаны қорғау, рухани алға жылжу сияқты гумаиитарлық құндылықтарды дамытуға септігін тигізді. Яғни, аударма барлық уақытта адамзаттың ең қажетті, өзекті қажеттіліктерін қанағаттандыруға қызмет етті. [1,12-14]. Мысалы, ежелгі дәуірде аударма грек және римдік мәдениетінің сабақтастығына ұйытқы болды, орта ғасырда христиан дінінің таралуына ықпал етті. Ал кейінгі уақыттарда әртүрлі елдердің мәдениет, ғылым, әдебиет, материалдық және күнделікті тұрмыстық мәдениетін өзара байытуға септігін тигізді. Бір елдің, халықтың әдебиет, мәдениет саласындағы жетістіктері басқа елдердің де өнер ғылымын, халықаралық әдебиеттің дамуына әсер етті. Аударма адамзат тарихында ежелден ақ өзінің маңызды қызметін атқарып келгенмен, тек XX ғасырда оның қоғамдағы маңызды ролі, орны бағалана бастады. Әртүрлі елдердің ғалымдары ұлттық мәдениетті қалыптастыруда аударманың атқарып атқаратын ерекше маңызды ролін атап көрсетті. Ал қазіргі жаһандану заманында аударманың ролін ескермеу мүмкін емес. Әсіресе, қазіргі өте көп байқалатын жаһандану тенденциясы да осы аудармашылардың ерен еңбегінің бір нәтижесі, ал жаһанданудың өзі тек жақсы ұйымдастырылған аударма процесінде ғана мүмкін және анық нәрсе екені белгілі. Аудармашының қоғамның ашық болуына жол ашады және ел өмірінің барлық саласында халықаралық деңгейде халықтар арасындағы тілдік немесе мәдени кедергілерді жоюға, яғни адамдардың бір бірімен жақындасуына, түсінуіне және тіл табысуына көмектеседі [2]. Ал адамдар арасындағы тілдік кедергілердің болуы ол табиғи нәрсе, өйткені адамзат тарихының өзі көптілді, осыған қатысты дүние жүзінде 2500-5000 аса тіл, яғни саны жағынан үлкенді-кішілі халықтар бар [3]. Олардың ішінде саны көп немес аз халықтар сөйлейтін тілдер бар. Бірақ қалай болғанда да әртүрлі тілде сөйлейтін халықтар арасында тілдік кедергілер болуы заңдылық және ол кедергілерді жоюдың бір жолы ретінде аударманың ролі зор. Ал жоғарыда атап өткендей, қазіргідей жаһандану заманында, елдер арасындағы қарам-қатынас, байланыс нығая бастағанда аударманың қай түрі болмасын өте-мөте үлкен қажеттілікке айналып отыр. Аударманың мақсатына, түріне байланысты, қатысты көптеген функциясы түрлері және осыған байланысты оған қойылатын талаптар да бар. Аударманың қай түрінде болмасын, көп назар аударуды қажет ететін тілдік

категорияның бірі модальділік болып табылады. Өйткені автор белгілі бір жағдаят туралы тек ақпарат беріп қана қоймай, оған өзінің субъективті немесе объективті көзқарасын да қоса білдіруі мүмкін. Ал осы автордың ой-пікір, көзқарасы модаль етістіктер арқылы беріледі [4]. Осыған орай әрекет, оқиғаның болғаны, болатыны немесе оның міндеттілігі, қажеттілігі мүмкіндігі, яғни оның ақиқатқа немесе субъектіге қатысына қарай нақты мағынасын жеткізу де маңызды болып табылады. Әрине модаль етістіктерді аудармалар бар тілдерде бірдей аса қиындық туғыза қоймас, ал қазақ тілі сияқты етістіктің модальділік мағынасы мен реңктері етістіктер емес, модаль, көмекші сөздер арқылы берілетін тілдерде оның дәл де, нақты мағынасын аудармада дұрыс беру қиындық туғызары сөзсіз.

Талқылау

Әрбір айтушы немесе сөйлеуші белгілі бір оқиға, процесс немес жағдай туралы мәлімдеме берумен қатар, сол оқиға, процесс немесе жағдай туралы ақпаратқа автордың қатысын да білдіреді. Ағылшын тілінде автордың айтылатын ойға қатысты автордың қатысын білдіретін бірнеше сөз, сөз тіркестері, сонымен қатар грамматикалық құрылымдар бар. Құрылымы жағынан мұндай модальдік элементтер сөйлемнің баяндауышының құрамына енеді, яғни модальдік элементі айтылымда болады. Модальдіктің мәні және оның әртүрлі реңктері бар. Модаль етістіктердің жалпы мағынасы автордың айтылатын немесе айтылған ойға, әрекетке қатысты тікелей белсенді немесе жанама қатысын білдіреді. Ал модаль етістіктердің мұндай етістіктің жекелеген, индивидуальды мағынасы автордың іс-әрекетке субъективті негіздемесін, яғни субъективті ойын ғана емес, сонымен қатар өзінің пікіріне субъективті түсіндірме де береді [5]. Мағынасы мен реңктеріне байланысты модаль етістіктердің бірнеше түрлері арқылы модальділік мағынасын беруге болады. Мысалы, *must* - тек бір ғана, яғни міндеттілік мағынасын білдіреді; *have (to)* – жағдайдың сол іс-әрекетке мәжбүрлеуін білдіреді; *be (to)* – субъектінің предикативке жоспарланған модальділік мағынасын білдіреді; *shall* – субъектінің предикативке қатысты басқа біреудің пікіріне тәуелді бұлтартпас нақты дәйектеме болатын мағынаны білдіреді; *ought* – айтушының іске қатысты субъектіге тиімді нақты дәлелдемелердің болуын білдіреді; *should* – субъектіге қатысты автордың жеке қатынасын білдіреді; *may/might* – субъектіге қатысты альтернативаның болуын білдіреді; *can/could* – субъектіге қатысты қолайлы жағдайдың барын білдіреді; *will/would* – субъектіге қатысты тенденцияның барын білдіреді .

Ағылшын тіліндегі автордың пікіріне қатысты екі жағдайдың модальділік және оның реңктерін білдіретін модаль етістіктердің мағынасының қазақ тіліне аударылу тәсілдеріне мысалдар арқылы талдау жасап қарастырайық. Қазақ тілінде модальділік мағынасын білдіретін етістіктер жоқ. Ағылшын тіліндегі модаль етістіктердің мағыналары, реңктері мен олардың эквиваленттерінің қазақ тілінде тікелей аудармасы болмағандықтан, олардың аударылуы қазақ тілді тіл үйренушілерге бірқатар қиындықтар туғызады. Сондықтан ағылшын тіліндегі модаль етістіктердің білдіретін мағыналары мен реңктерін қазақ тіліне дұрыс аудару үшін олардың табиғатын мен ерекшеліктерін, бір бірінен айырмашылықтарын жақсы түсініп алу қажет. Жоғарыда атап өткендей, қазақ тілінде модаль етістіктер жоқ, олардың қызметін модаль сөздер атқарады. Ағылшын тіліндегі әрбір модаль етістіктің өзіндік бір қатар ерекшелігін және басқа модаль етістіктермен өзара байланысы мен ара қатынасына талдау жасап көрейік. Мысалы, *can/could*, *may/might*, *will/would* модаль етістіктерінің бір бірінен айырмашылығы сандық жағынан болса, ал *shall* және *should* етістіктерінің арасындағы айырмашылық тек қана ықтималдылық деңгейінде ғана емес, сонымен қатар әрекеттің қозғаушы күші, яғни модаль етістіктің негізгі нақты мағынасына байланысты сапалық айырмашылықтар бар. *Can*, *may* модаль етістіктерінің арасында сандық және сапалық айырмашылықтар бар. *Can* етістігі іс-әрекеттің іске асуына ешқандай кедергі жоқ, объективті мүмкіндіктің бар екенін білдірсе, ал *may* етістігі мүмкін боларлық бірнеше әрекеттен субъектінің таңдау жасау мүмкіндігін білдіреді. *May*, *should* етістіктері автордың пікірінің субъективтілігін көрсетеді. Сондай ақ, *shall*, *will* етістіктерінің арасында да сандық және сапалық айырмашылықтар бар. *Will* етістігі іс-

әрекеттің іске асуына кепілдік бар екенін білдірсе, ал shall іс-әрекеттің іске асуы екінші біреудің, яғни сыртқы пікіріне байланысты, тәуелді екенін білдіреді. Бұл тәуелділік деңгейі белгілі бір контекстке байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Хабарлы сөйлемде бірінші жақта бұл тәуелділік әлсіздеу көрінеді. Ал бұл тәуелділік мағынасы басымырақ болса, онда бірінші жақта shall етістіктің орнына will етістікті қолданылады. Must, may етістіктері модальділік жағынан қарама қарсы мағынаны білдіреді, бірақ міндеттілік, кепілдік мағынасы жағынан деңгейлері бірдей. Жоғарыда атап өткендей, ағылшын тіліндегі модаль етістіктер мен олардың эквиваленттері қазақ тіліне әртүрлі қыстырма сөздер мен сөз тіркестері, жұрнақтар мен көмекші сөздер арқылы аударғанда, ағылшын тіліндегі модаль етістіктердің бүкіл жүйесі еске алынуы қажет. Демек, айтылымның барлық контекст негізінде екі ситуациялық жағдайдың қайсысында автор өз пікірін білдіріп тұрғанын анықтап алу ағылшын тіліндегі модаль етістіктер мен олардың эквиваленттерін аударғанда, қазақ тілінде қай модаль сөздерді таңдауға және дұрыс мағынасын табуға көмектеседі. Ағылшын тіліндегі модаль етістіктер мен олардың эквиваленттерін қазақ тіліне аударғанда кездесетін қиындықтар да олардың білдіретін мағынасына қарай әртүрлі. Мысалы, бір бірінен сандық айырмашылықтары бар can/could, may/might, will/would модаль етістіктерін аударуда have (to), be (to), shall, would етістіктерін екінші ситуациядағы мағынасында аударуға қарағанда біршама қиынға соғады. Бұл жағдайда олар ықтималдылық мағынасында сандық жағынан бір деңгейді білдіреді, ал ғылыми мәтіндерде көп жағдайда екінші ситуацияда to be would етістіктері қолданылады. Енді осы мақала аясында тек ағылшын тіліндегі модаль етістіктер мен олардың эквиваленттерінің жоғарыда аталған ерекшеліктері мен мағыналық айырмашылықтарын ескере отырып, олардың қазақ тіліне аударылу тәсілдерін қарастырып көрейік.

Алдымен ағылшын тіліндегі модаль етістіктерді шаққа, яғни іс-әрекеттің мезгіліне қатысты талдау жасап, қарастырсақ, олардың шақты білдіретін ерекшеліктері әртүрлі екенін байқаймыз. Мысалы, must, shall, should, ought етістіктерінің басқа формалары жоқ, сондықтан олар іс-әрекеттің мезгілін, яғни етістіктің шақ формасын көрсете алмайды. Демек, іс-әрекеттің мезгілін тек контекст арқылы анықтауға болады. Can, may, will модаль етістіктерінің шақ формалары бар, яғни олар осы шақты, ал олардың could, might, would формалары шақтардың қиылысуы ережесіне сәйкес, шектеулі контексте өткен шақты көрсетеді. Have (to), be (to) must, can етістіктерінің толық мағынасын беретін эквиваленттері болып табылады және бұл етістіктер кез келген шақта қолданылады. Бірақ бұл етістіктер көп жағдайда белгісіздік осы және өткен шақта қолданылады. Ал to have етістігі күрделірек модальдік мағынаны білдіргенде, басқа да модаль етістіктермен тіркесіп келеді. Етістіктің құрамындағы модаль етістіктер инфинитив формасында сол инфинитивке, контекстегі мағынасына қарай осы шаққа, келер шаққа қатысты қолданылады. Модаль етістіктердің перфекті (жедел өткен, яғни аяқталған іс-әрекетті білдіретін шақ) инфинитив формасы өткен шаққа қатысты қолданылады. Яғни, автордың көзқарасына қатысты модаль етістіктер инфинитив формасында автордың іс-әрекеттің іске асуын талап ететінін, кеңесін, мүмкіндік және рұқсат беретінін білдіреді, ал перфекті инфинитив формасында өткен, іске асқан іс-әрекетке келіспейтінін және оның іске аспағанын құптайтынын, қалайтынын білдіреді.

Ағылшын тіліндегі модаль етістіктер мен олардың эквиваленттерінің осы аталған мағыналарына және іс-әрекеттің мезгіліне қатысты ерекшеліктерін ескере отырып, олардың қазақ тіліне аударылу тәсілдеріне мысалдар арқылы талдау жасап көрейік.

Ағылшын тіліндегі must модаль етістігі және оның эквиваленті have (to), be (to) қазақ тіліне қажет, тиіс, керек, болмайды (болымсыз түрі) (яғни қатаң тыйым салуды, қажеттілікті, міндеттілікті білдіреді), болу керек, сөзсіз, тура келу, мәжбүр болу, жоспарланған, ... ой болу, күтілу т.б. сияқты көмекші сөздер арқылы аударылады. Must етістігінің орнына have (to) осы шақта, ал had (to) формасы өткен шақта жұмсалып, must етістігінің позитивті мағынасын береді.

You must follow doctor's advice. – Сіз дәрігердің кеңесін орындауыңыз керек.

He must come today. – Ол бүгін келуі керек.

You have to take back all books to the library after the end of the term. – Сіздерге сессия аяқталғаннан кейін барлық кітаптарды кітапханаға қайтаруға тура келеді.

We had to take back all books to the library after the end of the term. – Біздерге сессия аяқталғаннан кейін барлық кітаптарды кітапханаға қайтаруға мәжбүр болдық.

You haven't to take back books to the library before the end of the term. – Сіздерге сессия аяқталғанға дейін кітаптарды кітапханаға қайтарудың қажеті жоқ.

He has many mistakes in his dictation, he must be not attentive. – Оның диктантында көптеген қателер бар, ол зейінді болмаған болу керек.

Ann doesn't have to pay for her study, for she won a state grant. – Мемлекеттік грантты жеңіп алғандықтан, Эннге оқуына ақы төлеудің қажеті жоқ.

Before beginning the research the scientist has to answer the traditional question “How is this be explained?” or “How are we to explain this?” – Зерттеуді бастамас бұрын ғалым дәстүрлі «Мұны қалай түсіндіруге болады?» немесе «Мұны біз қалай түсіндіруіміз керек?» деген сұраққа жауап беруі керек.

Shall етістігі сөйлемде негізінен белгісіздік келер шақтың көмекші етістігі қызметін атқарғанмен, сөйлемдегі мағынасына қарай және контекстке қатысты модаль етістіктің қызметінде де жұмсалып, рұқсат сұрауды (сұраулы сөйлемде), болымсыз сөйлемде қарсылықты, тиіс, талап ету, қажет, игі болу деген мағынаны білдіреді:

Shall I stop working? – Мен жұмысты тоқтатайын ба? (Біреудің нұсқауын орындауға ерікті түрде жол беруін, келісімді білдіреді).

They shall not refuse to follow the instruction. – Олар нұсқауларды орындаудан бас тартпау керек. (Біреуді әрекетке мәжбүрлеуді білдіреді, яғни оларға бұл әрекетті міндетті түрде орындатқызады).

You shall come in time. – Уақытында келуіңіз керек. (Біреуге нұсқауына ерікті түрде жол беру, келісімді білдіреді).

We shan't accept your advice. – Біз сіздің кеңесіңізді қабылдамаймыз. (Біреудің орындауға мәжбүрлеген әрекетінен бас тартуын білдіреді, яғни бұл әрекетті орындауға қарсылық білдіріп тұр).

Ought модаль етістігі қазақ тілінде ... керек ету, қажет ету, ... кеңес беру деген мағынаны білдіреді:

You ought be careful when you write a dictation. – Сіз диктант жазғанда абай болуыңыз керек.

Tomorrow Bill ought to return books to the library. – Ертең Билл кітаптарды кітапханаға қайтаруы керек.

“Should” етістігі must модаль етістігінің өткен шақ формасы қызметін атқарумен қатар, модальділік реңктерді де білдіріп, сөйлемдегі мағынасына қарай ... керек еді, ..., дұрыс еді, игі еді, әбден мүмкін, әбден ықтимал, ... күту керек, ... таңқаларлық емес сияқты көмекші сөздер арқылы аударылады:

The teacher told that everything should be taken off the table. – Мұғалім бәрін стөлден тастау керектігін айтты.

The supervisor required that we should finish the experiment at the end of the term. – Жетекші тоқсанның соңында экспериментті аяқтауымызды (аяқтау қажет, керек екенін) талап етті.

Should she come to your place, contact me. – Егер ол сіздің үйіңізге келе қалса, маған хабарласыңыз.

May/might модаль етістігі қазақ тілінде ... болады, ... рұқсат ету, ... тыйым салынбайды, ... болатын еді, ... болуы мүмкін еді, ... жоққа шығарылмайды сияқты көмекші сөздер арқылы аударылады:

You may stay here until the rain stops. – Сіздердің жаңбыр тоқтағанша осында қалуларыңызға болады.

She may come back at nine tomorrow. – Ол ертең тоғызда оралуы мүмкін.

You may take back my book next week. Менің кітабымды келесі аптада қайтаруыңызға болады.

Causes of the poor experiment results may be explained later. – Нашар эксперимент нәтижелерінің себептері кейінірек түсіндірілуі мүмкін.

Your answer to this question may not be correct. – Бұл сұраққа сіздің жауабыңыз дұрыс болмауы мүмкін.

It might be understood later. – Мұны кейінірек түсінуге болады.

They might go to Astana this weekend. – Олар осы демалыс күндері Астанаға баруы мүмкін.

They may have discussed the problem. – Олар мәселені талқылап алған болуы мүмкін.

She may have had some problems with her car. – Оның көлігінде біраз қиындықтар болып қалған шығар.

Can/could модаль етістігі қазақ тіліне ... мүмкін, ... жүзеге, іске асуы мүмкін, ... анық, ... ешнәрсе кедергі болмайды, ... әбден мүмкін, ... бәрі ықтимал, мүмкін, ... кенеттен сияқты көмекші сөздер арқылы аударылады:

His son can do sums easily. – Оның ұлы есепті жақсы шығара алады.

We can start discussing this problem tomorrow. – Біз бұл мәселені талқылауға ертең кірісе аламыз.

Children will be able to use computer after they finish training course. – Балалар оқу курсын аяқтаған соң компьютерді пайдалана алады.

Everyone can make mistakes. – Әр адам қателесуі мүмкін.

They could come to see us on the weekend. – Олар демалыс күндері бізді көруге келуі мүмкін (ықтимал).

He works very hard. He can get high scores for the exam. – Ол өте қатты жұмыс істейді. Емтиханнан жоғары балл жинай алуы мүмкін.

Will/would етістігінің сөйлемдегі негізгі қызметі келер шақтың көмекші етістігі болумен қатар сөйлемдегі мағынасына қарай етістіктің қалау рай формасы түрінде және ... міндетті түрде, ... қалай болғанда да, ылғи, әдетте ... болады деген көмекші сөздер арқылы аударылады:

They will wait for us. – Олар бізді күтуі керек.

We will be there at nine o'clock immediately. – Біз бірден онда сағат тоғызда болуымыз керек.

Will you please show me the way to the park? – Маған саябаққа баратын жолды көрсетіп жібересіз бе?

Will you have another cup of tea? – Тағы бір шыны шай ішесіз бе?

We would do all our best to achieve the best results. – Біз ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін бар күшімізді саламыз.

When they were at school, they would tease each other. – Олар мектепте оқып жүргенде бір-бірін мазақтаушы еді.

Қорытынды

Ағылшын тіліндегі модаль етістіктер мен олардың эквиваленттерін, ерекшеліктері мен білдіретін мағыналарын қарастырып, және олардың қазақ тіліне аударылу тәсілдерін мысалдар арқылы талдау жасалды. Талдау нәтижесінде Ағылшын тіліндегі модаль етістіктер және олардың эквиваленттерінің сан түрлі мағынаға ие екенін, және олардың нақты, дәл мағынасын көп жағдайда контекст арқылы ғана анықтауға болатынын анықтадық. Осындай ағылшын тіліндегі модаль етістіктер мен олардың эквиваленттерін қазақ тіліне аударғанда, бүкіл жүйесі мен ерекшеліктері еске алынуы қажет екеніне мысалдар арқылы көз жеткіздік. Ағылшын тіліндегі модаль етістіктерге келтірілген мысалдарға және олардың қазақ тіліне аударылу тәсілдеріне талдау жасау нәтижесінде олардың білдіретін мағынасына қарай қазақ тіліне көмекші модаль сөздер арқылы және сөйлемнің баяндауышына қалау райдың жұрнақтары жалғануы арқылы аударылатыны мысалдар арқылы көрсетілді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Шахова Н.И., Рейнгольд В.Г. Чтение, перевод, устная реч. Л. "Наука", 1977
2. Baird A. Contrastive Studies and the Language Teacher. English Language. Teacher. 1967.-book
3. Betty Wallace Robinett. Second language learning. The university of Michigan. Press 2015.-book.
4. Fries, Charles C. The structure of English. New York. Harcourt, Brace and Company. 2016.-book.
5. Jacobite, L.A. Second language learning and transfer theory: A theoretical Assessment. Language Learning 19, 1969. -book.
6. Ronald Wardhaugh. Teachers of English to speakers of other languages. TESOL. Convention. 1970-book.
7. Wolfe, David L. Some theoretical Aspects of Language Learning and Language. Teaching. Language Learning 17. 1967. -book.
8. Weinreich, U. Languages in Contact; Findings and Problems, The Hague: Mouton and Go., 1966. book.